

ӘОЖ 16.21.21

**ДЖОНАТАН УОЛФТЫҢ “САЯСАТ ФИЛОСОФИЯСЫНА КІРІСПЕ”
КІТАБЫНДАҒЫ САЯСИ КЛИШЕЛЕРДІҢ АУДАРМАСЫ**

Шангереева Сәуле Адалбиқызы

sshangereeva@gmail.com

Евразия Ұлттық университетінің 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Муратова

Соңғы уақытта қоғамдық-саяси басылымдардың ағылшын тілінен орыс тіліне аудармалары бұрын-соңды болмаған ауқымға ие болды. Біздің ойымызша, бұл, ең алдымен, бүкіл әлемде, атап айтқанда Қазақстан, Ресей мен АҚШ - та болып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық оқиғаларға байланысты. Саяси мазмұнға ие кітап авторлары болып жатқан қоғамдық-саяси құбылыстарды тілдің түрлі құралдарын пайдалана отырып, ерекше нақышпен сипаттауға тырысады, бұл, әрине, қоғамдық - саяси тақырыптағы мәтіндерге жарықтық, бейнелік, тартымдылық береді, бірақ аудармашыдан аударма қызметінің белгілі бір дағдыларын, білімі мен тәжірибесін талап етеді. Саяси ақпарат нақты болуы керек, әйтпесе оның өзектілігі мен қажеттілігі жоғалады. Әсіресе бұл қажеттілік саяси клишелерді аударғанда танылады. Публицистикалық стильдегі мәтін клишелерінің адекватты аудармасын жүзеге асыру аудармашы үшін бірден бір мәселелер қатарына кіреді. Клишелердің сөзбе-сөз аудармасы әдетте мүмкін емес, өйткені клишелер бірінғай болып табылады және оларды біртұтас лексикалық бірлік ретінде қарастыру керек. Сол себептен, аудармашы түпнұсқа мәтіндегі клишелерді оңай тани білуі керек және аударма тілінде қандай балама сөздер қолданылатынын білуі керек. Публицистикалық мәтіндердегі клише аудармасының ерекшеліктерін талдау үшін біз кітапты Джонатан Уолфтың "Саясат философиясына кіріспе" кітабын алдық. Алғаш рет қазақ тіліне аударылып отырған бұл кітап мазмұнында адамзатты бұрыннан толғандырып келе жатқан және қазіргі кезде әлі де өзектілігін жоғалтпаған табиғи күй, мемлекет, демократия, еркіндік, меншік сияқты саяси ғылымдардың зерттеу аясын айқындайтын ұғымдарға қатысты сұрақтар қарастырылады. Кітапта осы сұрақтарға жауап іздеген Платон және Аристотель сияқты ежелгі грек философтары мен Гоббс, Локк, Руссо, Бентам, Юм, Милль, Ролз және Нозик сияқты қазіргі заман ойшылдарының көзқарастары мен тұжырымдары талданады [1,46]. Бұндай ауқымды тақырыптарды қамтитын бұл еңбекте саяси клишелердің саны көп әрі мәні жағынан сан алуан.

Қоғамдық-саяси мазмұндағы мәтіндерді аударуға қатысты ең тән құбылыстардың бірі ол - саяси клишелер аудармасы болып табылады. Зерттеу барысында Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кіріспе» кітабының қазақша аудармасы негізіндегі саяси клишелерге сәйкес эквиваленттердің негізгі үлгілеріне тоқтадық.

Түпнұсқа: а) The fundamental Law of Nature tells us it is rational to seek peace. [1, 15 б].

б) So the collectively rational thing to do is leave most, if not all, of the trees standing. [1, 16б].

Қазақша аудармасы: а) Табиғаттың негізгі заңында бейбітшілікке ұмтылыс рационал болып саналады. [1, 23 б].

ә) Сондықтан ағаштардың барлығын болмаса да, басым бөлігін кеспей, сақтап қалу ұжымдық рационал шешім болып саналады. [1, 24 б].

“Rational” сөзі латын тілінен енген кірме сөз болғандықтан ол қазақ тіліне транслитерация әдісімен рационал деп аударылды. Бірақ ағылшын тілінде бұл сөз жасаламы жағынан -al жұрнағынан тұратын сын есім болғандықтан , қазақ тілінде де - ды жұрнағын жалғап “рационалды” деп аударған барабар болар еді. Бұл сөйлемдердің мағынасына да жағымды әсерін тигізері сөзсіз.

Түпнұсқа: a) It is a state where everyone is rightly suspicious of everyone else , and this suspicion , not mere egoism or sadism, leads to a war , where people will attack for gain, safety , and reputation. [1, 16 б].

b) If the anarchist society refuses to attempt to restrain the behaviour of such people, then it is in danger of falling into severe conflict.[1, 31 б].

Қазақша аудармасы: а) Табиғи күй – баршаның баршадан күдіктенетін күйі және эгоизм немесе садизм емес, дәл осы күдік адамдарды пайда, қауіпсіздік және бедел үшін бір-біріне шабуыл жасайтын соғысқа итермелейді. [1, 23 б]. ә) Егер анархиялық қоғам қиындық туғызатын адамдардың әрекетін тыюдан бас тартса, мұның соңы ауыр конфликтіге әкеп соғады. [1, 39 б]. Берілген мысалда ерекше назар аударатын тұс ол “эгоизм” сөзінің қазақша нұсқасында сол қалыппен эквивалентсіз болып қалуы. Қазақ тілінде бұл сөзге барабар аударма бар, ол- “өзімшілдік” сөзі.

Екінші мысалда да, “конфликт” сөзіне қазақ тілінің “жанжал” сөзі барабар болып табылады. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңіту мақсатында осы сөздерді қолдану бұл жерде жөн болар еді.

Түпнұсқа: Otherwise a few highly anti-social individuals could ruin things for everyone. [1, 23 б].

Қазақша аудармасы: Әйтпесе, әлеуметке қарсы бірнеше ғана адам барлық адамға зиян келтіруі мүмкін. [1, 31 б].

“Anti-social” сөзінің қазақша эквиваленті “әлеуметке қарсы” сөз тіркесімен өте жақсы орынды, терминнің мағынасын толық жететіндей аударылған, алайда, “individuals” сөзіне “адам” аудармасын таңдау аудармашы үшін дұрыс шешім болмады. Өйткені, ағылшын тілінің бұл сөзі тек адам ұғымымен шектелмейді. Мағынасы жағынан ең ұтымды барабар аударма “жеке тұлға” сөз тіркесі болар еді. Сөйлем аудармасының келесі әлсіз тұсы ол қосымша мән беріп тұрған highly сөзінің түсіріліп тасталуы. Аудармашы қолданған бұл әдіс сөйлем мағынасын толық ашпай тұр.

Түпнұсқа: Even Rousseau, who believed in man`s natural innocence , thought that ultimately life without government would be intolerable. [1, 29 б].

Қазақша аудармасы: Тіпті адамның табиғи бейкүнәлігіне сенетін Руссоның өзі, сайып келген-де, мемлекетсіз өмірге төзу мүмкін емес деп есептеді. [1, 38 б].

Берілген үзінділерде лексикалық толықтырулар артық болып табылады. Біздің ойымызша, “төзу мүмкін емес” сөз тіркесін “мемлекетсіз өмір төзгісіз” эквивалентімен жеткізу ұтымдырақ болар еді. Ол үшін төзу сөзін барыс септігінде емес, атау септігінде қолдану ықтимал. Себебі, орынсыз қолданылған лексикалық толықтырулар оқырман үшін аударманы семантикалық мағынасын түсіну үдерісін қиындатады.

Түпнұсқасы: Is this undemocratic or not? [1, 53 б]

Қазақша аудармасы: Бұл демократияға қайшы ма, жоқ па? [1, 57 б].

Ұсынылған сөйлемнің аудармасы Д. Уолф еңбегінің аудармашылары үшін сәтті тұстарының бірі болып табылады. Себебі, қазақ тілінде “undemocratic” сөзіне тікелей аударма термині жоқ, осы орайда аудару барысында компенсация әдісі (орнын толтыру) ұтымды қолданылған . “Қайшы” сөзі бұл контексте “ұғымға кері келу, “ойлағаннан басқаша болу” деген мағынаға ие.

6)Түпнұсқа : As a first attempt to deal with these tasks we will look at one of the most powerful antidemocratic arguments : that of Plato, in the Republic. [1, 61 б].

Қазақша аудармасы: Демократияның құндылығына күмән келтіретін бұл көз- қарасты қарастыра отырып, демократияның өз атына айтылатын мадақ-тарға лайық немесе лайық емес екеніне көз жеткізе түсеміз. [1, 68 б].

Алдыңғы мысалдағыдай көріністі берілген үзіндіден байқауға болады. “Antidemocratic” саяси клишесінің қазақ тілінде баламасы жоқ, сондықтан аудармашылар ойларының ұшқырлығын танытып компенсация әдісін қолдана “ күмән келтіру” сөз тіркесі арқылы мағынасын ұштастырды. Берілген балама “демократияның кушіне сенбеу” мәнін білдіреді.

Түпнұсқа: Every man, that hath any possessions, or enjoyment, of any part of the dominions of any government, cloth thereby give his tacit consent, and is as far forth obliged to obedience to the laws of that government, during such enjoyment, as any one under it; whether this his possession be of land, to him and his heirs for ever, or a lodging only for a week; or whether it be barely travelling freely on the highway. [1, 42 б].

Қазақша аудармасы: Мемлекеттің меншігіндегі жердің бір пұшпағын иеленетін немесе игеретін әр адам осы арқылы мемлекетке өзінің үнсіз келісімін береді және өзіне не мұрагерлеріне тиесілі жерді мәңгілік немесе уақытша қолдану құқын немесе жолда еркін жүру құқығын мемлекеттің қол астында-ғы әр адам секілді пайдалану үшін оның заңдарына бағынуға міндетті (Second Treatise, s. 119, 348) [1, 50 б].

Ұсынылған мысалды аударубарысында аудармашы компрессия әдісін шебер қолданғаны сөзсіз. Бұл әдіс түпнұсқадағы “possession”, “enjoyment”, “dominion” сөздерінің аудармадағы мән-мағынасын толық ашатын , ұлттық нақышымызды көрсететін “пұшпақ” сөзі арқылы іске асырылды. Зер сала қарасақ, «пұшпақ» сөзінің қазақ тіліндегі бірінші мағынасы деп танылып жүргенінің езі кейінгі дәуірдің туындысы екендігін аңғарамыз. Түркі тілдері ішінде өте көне саналатын якут тілінде

«быстах» сөзі біздің тіліміздегі «кесінді, үзінді, сынық бөлік» іспеттес мағыналар орнына жұмсалады. Дәл осындай мағыналарды білдіруде тува тілінде «быжынды» сөзі қолданылады. Сөз төркініне дұрыс жол табу үшін, осы сөздердің түбіріне үңілсек —

«быс» екенін байқаймыз. Якут тілінде быс — кесу, кесіп алу ұғымына нұсқайды. Ал Алтай өңіріндегі хакастарда «кесу» мағынасын білдіруде—«пыс» сөзі қолданылады. [2,23 б].

Түпнұсқасы: If Hobbes has misdescribed human motivation – if human beings, say, really are strongly altruistic- then peace might easily be achieved. [1, 19 б].

Қазақша аудармасы: Гоббс адамдардың мотивациясын дұрыс сипаттамаған болса, яғни адамдар табиғатынан шынымен де альтруист болса, онда бейбіт өмірге қол жеткізу оңай болар еді. [1, 28 б].

Альтруист - өзгенің өмірімен, өзгенің қуанышымен тірлік кешетін адам. Үнемі өзгеге көмек қолын созып, біреудің жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын пенде деген мағынаны білдіретін халықаралық термин.

Қазақ тілінде бұл сөзге эквивалент жоқ. Сондықтан да, сөзді сол күйде қалдыру аудармашы үшін дұрыс шешім болды. Алайда, сөздің мағынасын түсіндіру мақсатында аудармашы тарапынан термин жайлы қосымша ақпарат берілу керек еді.

Дәл осындай жағдай мына мысалда да байқалады:

Түпнұсқасы: Certain anarchist thinkers, however, have tried to resist this conclusion. [1, 29 б].

Қазақша аудармасы: Алайда көптеген анархист ойшылдар бұл тұжырымды теріске шығаруға тырысты. [1, 38 б].

Анархист-бұл жеке тұлғаны өз еркіне қарсы кез-келген әрекетке қатысуға мәжбүрлеуден толық бас тартуды жақтайтын адам. Осы сипаттағы түсінікті қосымша сілтемеге енгізген бірден бір ұтымды шешім болып табылар еді.

Түпнұсқасы: Mill favours laissez-faire capitalism – at least for as long as individuals are in their present state of moral imperfection . [1, 76 б]

Қазақша аудармасы: Милль адамдардың моральдық жағынан кемелдене қоймаған қазіргі күйінде «лесе-фэр»(laissez-faire) капитализмін қолдайды [1, 85 б] Берілген мысалда “laissez-faire” саяси термині француз тіліне енген кірме сөз болғандықтан транскрипция әдісімен қазақ тіліне «лесе-фэр» деп алынды. Аудармашылар тарапынан бұл әдісті қолдану логикаға қонымды, алайда, оқырмандардың көп бөлігі үшін бұл сөздің мағынасы түсініксіз болып, аударманың прагматикасы ашылмай қалады. Лесе-фэр- экономикаға мемлекеттің араласуы минималды болуы керек деген экономикалық доктрина. Осы анықтаманы қосымша түсіндіріп кеті аударманың барабарлығын арттырар еді. [3,82б]

Зерттеу барысында саяси клишелердің көптеген бөлігін аудармашылар халықаралық термин ретінде қабылдағаны байқалады. Мұндай сөздер дыбысқа, жазуға және мағынасына байланысты ұқсас болып табылғандықтан ағылшын және қазақ тілдеріндегі мұндай сөздер бір-біріне балама бола алады. Алайда, кейбір халықаралық сөздердің қазақ тіліндегі аударма нұсқасы да болады. Аударма барысында олардың аз қолданылғаны айқын. Біздің ойымызша тілдің ұлттық маңыздылығын арттыру мақсатында қазақ тіліндегі баламаларды таңдау ұтымдырақ болар еді. Егер де саяси клишенің қазақ тілінде мүлдем баламасы болмай, транслитерация немесе транскрипция әдісімен аударылған терминге оның мәнін ашатындай қазақ тілінде түсіндірмелі ақпарат беріліп кеткені дұрыс.

Аударманың тағы бір әлсіз тұстары аудару барысында сөздердің грамматикалық тап категорияларының ескерілмегені, түсіріліп тасталуы, аударма әдістерінің ұтымсыз пайдаланылуы болып табылады. Бұндай қателіктерге жол бермеу үшін сөздің тек қана лексикалық категориясына емес сонымен қатар морфологиялық және морфемдік шақтарына да назар аударылғаны аударманың тазалығын және барабарлығын арттырады.

Қазақ тілінде аударылған мәтіннің өзінің сәтті тұстары да болды. Ол аудармашылардың кейбір клишелерді қазақ тіліндегі мәнді сөз тіркестерімен аудару. Расында да, баламасыз лексиканы сөз тіркестермен ауыстырған мәтіннің стилистикалық бояуын ұлғайтып әрі тілдік ерекшеліктерін дамыта түседі.

Қорыта айтқанда, осы ұсыныстарды аударма барысында ескеріп қазақ тіліне аударылған публицистикалық еңбектердің сапасы , аударма барабарлығы , тазалығы артар деген үміттеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Джонатан Уолф Саясат философиясына кіріспе // Алматы : Ұлттық аударма бюросы.- 2020.- 4 б. Jonathan Wolff An introduction to political philosophy // Oxford University Press , third edition 2016.- 15-16 б. , 31 б. , 23 б. , 29 б. , 42 б , 19 б.
2. Нұрмағамбетов.Ә Бес жүз бес сөз.— Алматы: Рауан, 1994 жыл.
3. Laissez faire et laissez passer // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907